

сипатын, әдебиеттің қандай қайшылық жағдайда дамығанын талдап көрсету мақсатымен аталуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептердің ерекшелігін еске ала отырып, бұл ақындардың творчествосын орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналсын» [12, 372], – деген саяси талаптағы үкім шығарылды. Ал ХХ ғасыр басындағы тұтас Алаш қалам қайраткерлерінің көркемдік үрдістегі әдеби-тарихи маңызы таза атаусыз қалды. Тіпті сол уақыт өлшемімен алғандағы «ұлтшылдық» әдебиеттің «идеялық қателігі» деп табылған қайшылығын көрсетудің өзі мүлдем ескерілмеді.

Конференция ұсынысында: «Жаңа жағдайда феодалдық діни идеяларды уағыздаған Әубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев тағы сол сияқты бір топ ақынның творчествосы сын көзімен қаралып, ағартушы демократтарға қарсы қою тұрғысынан баяндалуы шарт. Олардың шығармалары жоғарғы мектепте өтіліп, ал орта мектепте оқылуы қажетсіз деп саналсын» [11, 373], «бұл кезеңдегі Мақыш Қалтаев, Шәкерім Құдайбердин, Омар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының идеялық мазмұны мен бағытын айқындау қажеттігі» [11, 373] ғана аталды. Мұндай саяси сипаттағы біржақты нұсқаулар «жылымық» бедеріндегі ұлттық әдебиеттануды тығырыққа тіреумен болды. Сол себепті С.Қасқабасов атап өткеніндей, «Ең өкініштісі – осы ұсыныстардың зардабы оның аумағынан әлдеқайда асып кетуі еді. Тек Шортанбай, Дулат, Мұраттарға ғана қатысты емес, күллі әдебиет тарихы мен фольклорға байланысты жәдігерлер мен шығармалар, олар жайындағы зерттеулер қатал цензураға ұшырады».

### Әдебиеттер тізімі:

1. **Русская литература XX века.** В 2 ч. Ч. 2. Очерки. Портреты. Эссе. – Москва: Просвещение, 1994. – 383 с.
2. **Елеуқенов Ш.** Ғасырлармен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 482 б.
3. **Қирабаев С.** Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
4. **Сүлейменов О.** Мұхтар Әуезов туралы сөз // Жұлдыз. – 1997. №1. Б. – 3-10.
5. **Әдеби өмір шежіресі /** Құрастырған – Ә.Нарымбетов. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2005. – 488 б.
6. **Кенжебаев Б.** Өтелмеген парыз (қазақ тапқан ақын-жазушылар жайында) // Қазақ әдебиеті. – 1957. – 25 январь.
7. **Ысқақұлы Д.** Сын талқы. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005. – 416 б.
8. **Кәкішұлы Т.** Мерей. Ғылыми-библиографиялық жинақ. Екі томдық. / Құраст.: К. Ахмет, А. Жүсіпова, М. Бегманова; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 2 т. – 508 б.
9. **Қазақтың тұңғыш эпопеясы** (Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 жылы март айында болған творчестволық конференцияның материалдары). – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 180 б.
10. **Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі.** – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1958. – 512 б.
11. **Әдеби мұра және оны зерттеу.** Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. – 376 б.
12. **Үш ғасыр жырлайды** (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). Құрастырған және алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1965. – 322 б.

ӘОЖ 37.01

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ КӨРКЕМ ОБРАЗЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

**Ақыш Н.** – жазушы, ф.ғ.д., М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері.

*Мақалада Ыбырай Алтынсарин шын мәнінде қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының бастауында тұрған ірі рухани тұлға екені айтылады. Прозаны жай ғана жазып қоймай, оның эстетикалық болмысын жете түсіне отырып, көркемдікпен көмкеріп, келістіріп жаза білген талант иесі екендігі көрсетіледі.*

*Түйінді сөздер: шығарма, ағартушы, ұлы тұлға.*

Ы.Алтынсарин туынжыларын алғаш рет мектепте жүрген кезімізде оқып, санамызға сіңіріп, сезім елегінен өтікізіп өстік, солардың эстетикалық қуатымен тәрбиелендік. Әкем қойшылар отырмайтын жаз айларында колхоз орталығына бірер шақырым жерде тау баурайына орналасқан Қайырбай бұлақ қыстауында қорықшы болып жүрді. Қайырбай бұлағының бастау көзі де сол арада. Суы тастай суық, мөлдір. Сол бұлақтың басына келген сайын Ыбырай атамның «Таза бұлақ» әңгімесі есіме түсетін. Жадымда берік қалып қойған – «Болсаң, осы бұлақтай бол» деп жазылған сөз үшін үш адамның таласы. Есейген сайын ол кісінің шығармаларын қайталап оқудан жалықпаушы едім.

Өзім әдебиетке келген кезімде «Ыбырай Алтынсарин қазақ жазба әдебиетінің бастау көзінде тұрған тұлға» деген тұжырымға қалытқысыз сендім. Оны дәлелдейтін нақты шығармашылық фактілер жеткілікті екен. Ыбырайдың құрастыруымен «Қазақ хрестоматиясының» алғаш рет кітап болып басылып шығуы – 1879 жыл. Ал оған енген көркем дүниелердің алдын ала даярланып, кейбіреулері тіпті бірнеше жыл бұрын жазылғаны да хронология қуалап отырған адамға жақсы белгілі. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринды қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының негізін қалаушы деп батыл түрде айтуға болады.

Басып шығару барысында осы «Қазақ хрестоматиясының» құрылымы туралы автор «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде былай деп жазыпты:

«Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінеді:

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары.

2. Өртүрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4. Қазақтың мақал мәтелдері» (1, 81). Әрине, әлі жазбаша әдебиетіміз өмірге келе қоймаған, қазақ авторларының кітап шығару тәжірибесі болмаған уақытта, оның үстіне әдебиет теориясы туралы ғылыми түсінік мүлде жоқ кезеңде автордың кітаптағы шығармаларын бұлайша қарапайым әдіспен жіктеп көрсетуі түсінікті жағдай. Енді бұл хрестоматияға енген прозалық туындыларды жанрлық талаптар тұрғысынан алып қараған кезде, ғылыми қалыптасқан жүйе бойынша басқаша жіктеп қарастырғанымыз қисынды болмақ.

Хрестоматияға кіретін әр алуан көркем туындыларды таңдап, іріктеу барысында Ы.Алтынсарин ең алдымен олардың тәрбиелік-тағылымдық және танымдық қырларына баса көңіл аударғаны байқалады. Оларды тек жалаң жазушылық интуициямен ғана емес, интеллектуал педагог, ағартушы қаламгер ретінде сараптай білгендігі көрінеді. Өзінің төл прозалық туындыларына да сондай жоғары талаптар қойғаны да даусыз.

Сондықтан да көрнекті ағартушы, жазушымызды тек прозашы деп жалпылай бағалаумен шектеліп қалмай, ол кісінің жазғандарын жанр бойынша жүйелеп көрсететін уақыт келді деп білеміз. Бірінші, мысалдар мен ертегілері... «Тышқанның өсиеті», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Жан-жануарлардың дауласқаны» және т.б. Тіпті бұлардың кейбірінің сюжеттік қаңқасы кәдімгі қазақ ертегілерінің ішіндегі жан-жануарлар туралы ертегілерді еске салады.

Екінші топтағылар – аудармалары мен сюжеттік өзегі басқа ұлттардың өмірлерінен алынған шығармалар. Оларға жататындар – «Талаптың пайдасы», «Алтын шеттеуік», «Мейірімді бала», «Силинші деген ханым», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Үнді», «Асыл шөп», «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Ақымақ дос», «Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Жамандыққа жақсылық», «Төкаппаршылық», «Сақып», «Данышпан қазы», «Үш ұры» және т.б. Бұл әңгімелердің мазмұны басқа ұлттардың өмірінен, атап айтқанда, соның ішінде орыс, ағылшын, араб, қытай, тіпті өзімізбен көршілес өзбек халықтарының өмірінен алынғандығы көрініп тұрады. Өйткені оларда, ең алдымен сол ұлттардан шыққан нақты тұлғалардың есімдері аталып отырса, екіншіден, белгілі бір ұлтқа тән тұрмыстық штрихтардың қолданылғандығын байқаймыз.

Үшінші топтағы дүниелер – таза қазақ топырағында туған автордың өзінің төл шығармалары. Бұлардың ішінде «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Сәтемір хан», «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Полкан деген ит», «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Оқудағы балалардың үйлеріне жазған хаттары», «Таза бұлақ», «Әдеп», «Зеректік», «Жомарт», «Салақтық», «Сарандық пен жинақылық» тәрізді туындыларын атап өткен жөн.

Бұл аттары аталған туындылары Ы.Алтынсаринның атақты хрестоматиясына «Уақ әңгімелер, балалар турасында», «Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер» деген ортақ тақырыптармен жарияланған екен. Яғни, автор жіктеу барысында шығармалардың жанрларына қарап емес, оқырмандардың жас ерекшелігіне орай жүйелеген. Сонымен бірге хрестоматияның сол алғашқы нұсқасына «Қарлығаш», «Тазша бала», «Алтын айдар» тәрізді ертегілері енбей қалғаны айтылып жүр. Оған, әрине, белгілі бір себептер әсер еткені сөзсіз. Сонымен бірге бұл аталаған ертегілер Ыбырайдың өзінің төл туындылары емес, халық аузынан жиналып алынған дүниелер деп тұжырымдауға негіз бар.

Ұлы бабамыз туралы зерттеу еңбектермен танысқаным да – сол мектепте жүрген жылдары. Сонда қолыма Ә.Дербісалиннің бір жасыл тысты кітабы түсіп, қайталап оқи бергенім есімде. Толық түсінбесем де, Ыбырай әлеміне біртіндеп енуіме мұрындық болған да – сол еңбек. Шығармаларына қалай жіктеу жұмыстары жүргізілгені де қызықтыратын.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұсынуымен 1994 жылы «Ғылым» баспасынан Ы.Алтынсаринның таңдамалы шығармалары жарық көрген болатын. Оның соңында берілген «Түсініктеріңде»:

«Осы тұста бір ескерте кетер жай: бұл тарауда автордың біз өзі жазған шығармаларымен қатар, сондай-ақ, хрестоматия иесінің ел аузынан жинап, алғаш рет өзі хатқа түсіре отырып, ұстартқан,

сондықтан, өзі авторы секілді қабылданып кеткен, арғы түбі халықтық прозаның қатарына жататын ауыз әдебиеті нұсқаларын да Ыбырай Алтынсаринның өз туындылары ретінде беріп отырмыз» (2,275) делінген. Бұл осыдан 22 жыл бұрын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған пайымдау.

Енді бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың биігінен қарай отырып, мүмкіндігінше объективті тұжырымға жүгінген дұрыс сияқты көрінеді. Ыбырай өзі жинастырған, сөйтіп өзі кітабына енгізген шығармаларды сол қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілері деп санасақ қайтер еді? Ондай басы ашық дүниелерді Ыбырайға зорлап телігеннен не ұтпақпыз не деген ой келеді. Өйткені осы күнге дейін ауыз әдебиетінің толып жатқан басқа үлгілері жинастырылды ғой. Бірақ олардың авторлығын сол жинаған адамдарға телу тәжірибесі етек ала қоймағанын ескерсек, осындай тоқтамға келгеніміз дұрыс сияқты.

Осы уақытқа шейін Ы.Алтынсаринның прозалық шығармалары жанрлық жағынан толық жіктеліп болды деп айта алмасaq керек. Мысал үшін алғанда, көптеген зерттеушілер «Қыпшақ Сейітқұл» шығармасын таза көркем әңгіме түрінде қарастырып келеді. Мысалы, Академик Қажым Жұмалиев «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі отырықшыландыру мәселесі Алтынсариннің негізгі нысанасы – ағартушылық мәселесіне де дәл келді» (3,261) дейді. Әдебиеттің үлкен теоретик маманы осылай деп отырғаннан кейін басқа зерттеушілердің де осы ұстанымды негізге алғаны байқалады.

Бегежан Сүлейменов: «Мәселен, «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде еңбекші халықты кедейшілікке ұшыратып, орасан зор зиян келтірген барымтаны әшкерелей отырып, іс жүзінде ол феодалдық-патриархалдық қоғамның әдет-ғұрпына, соны жасаушыларға үкім шығарады» (4,48) деп, бұл шығарманың әңгіме екендігіне шәк келтірмейді.

Ал тарихшы Тіләш Шойынбаев өзінің «Халық мақтанышы» деген мақаласында осы туынды турасында: «Қазақ елдің отырықшылыққа айналдырумен қатар, оның егін кәсібімен шұғылдануға жағдай туатынын, шаруалар бірігіп күш қосса, олардың тұрмысының оңалатынын үгіттеп, «Қыпшақ Сейітқұл» деген көркем әңгіме жазды» (5,182) деп, оның көркем дүние екендігін одан арман тереңдете түседі.

Ал осы шығарманың мазмұнына зерделей үңілсек және онда аттары аталатын персонаждардың өмірде болған-болмағанына мән беріп сараптап қарай болсақ, жарлық тұрғыдан басқаша қорытындыға келеміз. Өмірде орын алған нақты оқиғаны қысқаша баяндап бергендіктен, әрі жазылу формасына қарап, бұл туындының жанрын «көркем очерк» деп таныған жөн деп білеміз. Бұлайша нақтылап жіктеп көрсетуден Ы.Алтынсарин шығармашылығы ортайып қала қоймас еді.

Төртіншіден, кейбір шығармаларды көсемсөз жанрындағы туындылар деп бөлек қарастырсақ дейміз. «Қыпшақ Сейітқұл», «Надандық», «Киіз үй мен ағаш үй» қазақ көркем көсемсөзінің бастауынан көрінеді деп айтуға болады.

Жазушының кей шығармаларының өзегіне айналған сюжеттер – өзі көзімен көріп, қуә болған және белгілі бір дәрежеде әсер еткен жағдаяттар. Айталық, «Полкан деген ит» әңгімесі «Біз оқып жүрген шағымызда, ұстазымыздың қорасында бір Полкан деген зор ит бар еді» (90-б. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.) деп басталса, келесі бір туындысының алғашқы жолдары «1876 жылда, мен судьялық орнымда тұрғанымда, екі ептеш адам бір бірімен ұрысып, арызға келді» (1,126) болып келеді. Осы айтылғандарға қарап бұл шығармалардың сюжеттік өзегі нақты оқиғаларға құрылғанын байқау қиын емес.

Жалпы Ы.Алтынсаринның прозадағы стилі халық ауыз әдебиетінің үлгісіне жақын болып келеді. Қазақтың жазба прозасында жазу стилі әлі қалыптаспаған кездегі алғашқы машықтардың үлгісін байқаймыз. Олай болуы заңды да. Автордың жазу мәнері ұзақ сонар баяндауға негізделмеген, көлденең жайттарға, артық суреттеулер мен психологиялық толғаныстарға көңіл бөліп жатпастан, бірден оқиғаның өзін қысқаша баяндап беруге бейім. Соның өзінде шығармашылық бет бағдары анық. Мәселен, кітаптың жарты бетінен сәл ғана асатын «Үнді» атты әңгімесінде жазушы бір үндінің ағаш басында ілулі тұрған етінің ұрланып кеткені жайында баяндайды. Шығарманың бірінші мақсаты – жас оқырманды байқампаздыққа, тұрмыстық зеректікке баулу.

Ұрлық болған жерді бір рет тексеріп шыққан үнді көшедегі адамдардан «– Аласа бойлы, қолында қысқантақ мылтығы бар, соңында тарақ құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адамды көрдіңіз бе?» (1,132) деп сұрастырып отырып, ақыры ұрыны тауып алады.

Басқа шығармаларының да жазылу сипаты осы мәнзелдес.

Осы айтылған мысалдардың қай-қайсысы да Ы.Алтынсарин туралы көркем шығарма жазуыма түрткі болғаны сөзсіз. Әрине, тек ол кісіге қатысты еңбектермен шектеліп қалмай, басқа мақалалар мен кітаптардан да жанама фактілер тауып жүрдім. Ыбыекең туралы романға кірріскенім – өзім әбден үлкейген шағымда. Енді шығармамның мазмұнын айтуды бұл жерде қажет деп таппай отырмын. Оқыған адамдар өздері бағалай жатар.

Бір сөзбен айтқанда, Ыбырай Алтынсарин – шын мәнінде қазақ жазба әдебиетінің, оның ішінде қазақ прозасының бастауында тұрған ірі рухани тұлға. Және прозаны жай ғана жазып қоймай, оның эстетикалық болмысын жете түсіне отырып, көркемдікпен көмкеріп, келістіріп жаза білген талант иесі. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Көркем әдебиетті насихаттайтын сайты қазақтың ең үздік 100 әңгімесі атты ашық Жобасын жариялаған болатын. Соған мен өз тарапымнан Ы.Алтынсаринның «Бай баласы мен жарлы баласы» және «Таза бұлақ» атты екі әңгімесін енгізу жөнінде ұсыныс жасадым. Ұлы тұлғаның қаламынан туған асыл дүниелер алдағы уақытта да осылайша ұлықтана берер деген үміттемін.

## Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин Ы.** Сөз басы/Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.
2. **Тілепов Ж.** Түсініктер/Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 288 б.) 288 б.
3. **Жұмалиев Қ.** Ы.Алтынсарин – педагог, жазушы./ Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
4. **Сүлейменов Б.** Ыбырай Алтынсаринның өмір жолы және қызметі / Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б., 182 б.
5. **Шойынбаев Т.** Халық мақтанышы / Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

ӨОЖ 711.7

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ МЕН ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Гуса П. Б.** – 5В072700 – Азық-түлік өнімдерінің технологиясы бойынша бакалавриатта білім алушы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. 4-курс студенті.

**Аубакирова Г. Е.** – Өңдеу технологиясы және стандарттау кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

*Ақынның шығармалары тек пейзаждық лирика ғана емес, сонымен бірге болмыстың мәні туралы философиялық ойлар. Оның көз алдында табиғат ұлы емші ретінде маңызды, ол дүниелік өмірге бейбітшілік пен жаңару әкеледі. Ақын өмірді барлық қиындықтар мен қуаныштармен таң қалдырды, өмірдің табиғаты барлық көріністерде ақылға қонымды және әдемі екенін түсінді. Әлем мен адамзат, Туған жер мен адам арасында ажырамас байланыс бар.*

*Түйінді сөздер: педагог, теоретик-этнограф, тарихшы, экономист.*

*Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Мал дәулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң жоқ болар,  
Оқымыстың байлығы,  
Күннен- күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.*

Ол-педагог, ағартушы, жазушы, ақын, ғалым. Бірақ халық жадында ол алғашқы ұстаз ретінде қалды. Оның өмір жолы-өз халқының жарқын болашағы үшін надандық пен демократияға қарсы күрестің үлгісі. Алтынсарин Қазақстандағы алғашқы халық мектебін ашып қана қоймай, өзі жасаған жаңа қазақ әліпбиін қолдана отырып, оған оқулық жазды. Ол қарапайым адамдарды балаларын мектепке беруге көндірді, мұғалімдер дайындады. Сонымен бірге оған патша шенеуніктері мен имамдар қарсы болды. Оның педагогикалық принциптері соншалықты жан-жақты және уақыттан озып кетті, тіпті 170 жылдан кейін де өзекті болды. Түкке тұрғысыз шенеуніктер 1841 жылдың 1 қарашасында белгілі би Балғожа Жаңбыршинде Ыбырайдың немересі дүниеге келді. Атасы баланың тағдырында басты рөл атқарды, өйткені Ыбырай әкесінен ерте, үш жасында айырылды. Би бола отырып, Балғожа немересінің ағартушы және мәдениетті адам болғанын қалады. Ерте жастан бастап ол үнемі кішкентай балаға білім алудың маңыздылығын түсіндірді. 1850 жылы Орынбор қаласында дала ақсүйектерінің балаларына арналған мектеп ашылған кезде, Балғожа немересінің шәкірті болып бірінші болып жазылады. Сол күндері мектептер патша әкімшілігіне, яғни болашақ шенеуніктерге сауатты адамдарды даярлау үшін құрылды. Мүмкін, бұл білімнің танымал болмауының себебі болған шығар, өйткені қазақ ақсүйектері олардың балалары, болашақ мұрагерлері басқа адамдардың идеяларына адал болып өседі немесе тіпті христиан дініне өтеді деп қорықты. Ыбырай тек "үздік" деген бағаға оқып, бірнеше рет алғыс алған. Бала үйден алыс жерде оқып, өмір сүргендіктен, атасы мен немересі жиі хат алмасатын. Олар әдетте өлеңмен хат жазды. Ыбырайдың атасының бір хатынан мына жолдар бар: сен сағынасың және үйге асығасың. Мұқият оқып шығыңыз, қайғы өтеді сіз сауатты боласыз – сіз бізге, бізге, күн батқан сұр қарттарға сүйенесіз. Мектепті бітіргеннен кейін Алтынсарин аудармашы болып жұмыс істейді, бірақ туған халқына барынша көп пайда әкелуге деген жоғары ұмтылыспен қамтылып, ол өзінің шақыруын көрген педагогикалық жұмыспен айналысуды армандайды. Ұзақ қиыншылықтар мен қиыншылықтардан кейін ол 1860 жылы Орынборды тастап, торғайға ауысты, бірақ мұнда да жергілікті патша өкіметі Алтынсаринге ұзақ уақыт бойы өзін сүйікті ұстаздық ісіне арнауға мүмкіндік бермеді, оны судьяның көмекшісі, сосын судья, бастықтың көмекшісі, уезд бастығының міндетін атқа-